

«Абайлаңдар балалар!»



*Жолда жүру ережесін
білеміз бе?*



Мақсаты: оқушылардың жол ережесі туралы білімін кеңейту, жол белгілерін, олардың топтарын ажырата білуге үйрету;

- жол ережесін қатаң сақтауға дағдыландыра отырып, көше ережесіне байланысты ұғымдар мен

терминдерді білу адам өмірі үшін қажеттілігін түсіндіру, қызығушылығын дамыту;

- жолда жүру мәдениетіне, жол ережелерін бұлжытпай орындауға, сақтыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке, өзара достыққа тәрбиелеу.

- Балалар, жол деген не?

«Жол» деген сөздің өзі көлік құралдары мен жүргіншілер қозғалатын аумақ ұғымын қамтиды. Бұл қалалар мен елді мекендер, олардан тыс жерлердегі жолдар, көшелер мен бұрылыстар. **Жол көліктер мен жаяу жүргіншілерге** арналған деп екіге бөлінеді.





- **Тротуар деген не?**

Тротуар сөзі француз тілінен аударғанда **«жаяу жүргіншіге арналған жол»** дегенді білдіреді.

Тротуар үстінде қандай да болмасын ойын ойнауға немесе жүгіруге болмайды. Бұл жаяу жүргіншіге бөгет жасаумен қатар, аса қауіпті болып табылады.

-

Жол жиегінің бойындағы қапталдар не? Бұл – жол жиегі мен тротуар аралығын бөліп тұру үшін қаланған арнайы тас қаптал. Оны **БОРДЮР** деп атайды. **Бордюр** француз тілінде «бір нәрсені жиектеуге арналған жолақ» деген сөз. Кейбір балалар осы бордюрдің үстімен жүруді қызық көреді. Ондай жағдайдың ақыры қайғылы оқиғаға соқтыруы мүмкін.





Балалар! Жол бойындағы сызықтар мен белгілерді «Жол белгілері»

деп атаймыз.

Біз үнемі тротуармен жүре бермейміз. Көшеден өтетін кезде қалай өтеміз?

Біз көшеден тек жаяу жүргіншілер өтпесі арқылы өтуіміз керек. Оны «Зебра» (жолақ жол)деп атайды.

Балалар, жолдағы жол белгілері не үшін керек деп ойлайсындар?

Жол белгілері жолдарда қозғалысты реттеуге көмектеседі.

Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді жол апаттарынан сақтануды ескертеді, қайда баруға болады және болмайтындығын көрсетеді.



Қазақстанда 1987 жылы КСРО-да қабылданған жолда жүру ережелері қолданылды. 1998 жылдан республикада жолда жүрудің жаңа Ережелері қабылданған. Осы ережелерге сай жол белгілері мемлекеттік стандарттар негізінде анықталады. Бұл стандарттар бойынша, жол белгілері бірнеше топқа бөлінеді:


1. ескерту белгілері
2. басымдылық белгілері
3. тыйым салу белгілері
4. ақпараттық-көрсеткіш белгілері
5. қызмет көрсету белгілері
6. қосымша ақпараттық белгілер (тақташалар).



«Ескерту белгісі»

Өзі қызыл, үшбұрышты ескертуің мен болам,
Хабарлайтын бар қауіпті, оң сапарды жолдаған.
Маған қарап жүрер болса, жүргізуші, жаяу да,
Жолы болып, сәтсіздікке ешқашан да қалмаған.

Ескерту белгілері - жолдың қауіпті бөлігінің жақындағанын хабарлайды. Ол айналасы қызыл жолақпен көмкерілген ақ түсті тең қабырғалы үшбұрыш түрінде жасалып, ортасына қауіп түрін айқындайтын шартты белгілер салынады.



Үшбұрышты қызыл бояумен көмкерілген бұл белгілер жол бойында жағдайсыз, яғни қауіпті жерлер бар дегенді білдіреді

БЕЛГІЛЕР



Шлагбаумы бар темір жол өтпесі



Шлагбаумы жоқ темір жол өтпесі



Трамвай жолымен қиылыс



Велосипед жолымен қиылыс



Қиыршық тас шашырау



Екіжақты қозғалыс



Жаяу жүргінші өтпесі



Балалар



Тайғақ жол



Жол жөндеу жұмыстары



Тас түсу



Басқа қауіптіліктер

«Тыйым салу белгісі»

Мен бәріне әрқашан да тыйым салып тұрамын,
Қауіп болса алда тұрған, жібермеймін бір адым.
Түсім қызыл, өзім шеңбер сызық болып бітемін,
Осы жолы үндемейін, бар ма тағы сұрағың.



Тыйым салатын белгілер.

Дөңгелек шеңбер түрінде қызыл бояумен беріледі. Ол қозғалыс атаулының бәріне тыйым салады .



Тыйым салу белгілері



3.5

Мотоциклдердің
қозғалысына тыйым
салынады



3.6

Тракторлардың
қозғалысына
тыйым салынады



3.19

Кері бұрылуға
тыйым салынады



3.20

Басып озуда
тыйым салынады



3.9

Велосипедпен
қозғалысқа
тыйым салынады



3.10

Жаяу жүргіншілердің
қозғалысына
тыйым салынады



3.27

Аялдауға тыйым
салынады



3.28

Тұруға тыйым
салынады

«Нұсқау белгісі»

Белгімін көрсетер жылдамдық, бағытты,
Ой-шұңқыр, бұрылыс, қатерді, қауіпті.
Барлығын анықтап көрсетіп жіберем,
Сондықтан бәрі де мені тез таныпты.

Нұсқау белгілері – бұл топтағы белгілер
жаяу жүргіншілер мен велосипедшілер
жүретін жерлерді көрсетеді, қандай да
болмасын көлік түрлерінің біреуінің
нақты бағыттағы қозғалысына рұқсат
береді.

Бұл топтағы белгілер жаяу жүргіншілер мен велосипедшілер жүретін жерлерді көрсетеді, қандай да болмасын көлік түрлерінің біреуінің нақты бағыттағы қозғалысына рұқсат береді



Түзу
қозғалыс



Оңға
қозғалыс



Айналма
жол



Велосипед
жолы



Жаяу
жүргінші
жолы



Ең төменгі
қозғалысты
шектеу

«Ақпараттық көрсеткіш белгісі»

Баратын сапардың жақынын, қашығын,

Үн-түнсіз жөн сілтеп, көрсетіп тұрамын.

Күндіз де, түнде де от болып жанады,

Көкпенен боялған төртбұрыш, шырағым.

Бұл топтағы белгілер жол қозғалысына қатынасуларға, жаяу жүргіншілер өтпесі орналасқан жер, қоғамдық көлік аялдамасы, көлік тұратын орын туралы хабарлайды.

Негізінен түсі ақ, төртбұрыш кестешелер түрінде жасалып, ортасына қосымша ақпараттардың шартты белгілері келтіріледі. Жол белгілері жолдың (*жүріс бағыты бойынша*) оң жағына биіктеу бағанаға немесе жолдың үстіне биіктетіп орналастырылады. Олар 100 м қашықтықтан анық көрінетіндей болып жарықтандырылады.



5.14

Жеңіл таксилердің
тұрақ орны



5.15

Тұрақ орны



5.16.1

Жаяу өтпе



5.16.2



5.17.1

Жер асты жаяу өтпесі



5.17.2



5.17.3

Жер үсті жаяу өтпесі



5.17.4



5.18

Ұсынылатын
жылдамдық



5.19.1



5.19.2

Тұйық



5.19.3

Жаяу адамның міндеттері.

1. Жаяулар тратуардың немесе жаяу жолдың оң жағымен, ал олар болмаса, жол жиегімен немесе велосипед жолымен жүруі тиіс.

2. Жолдан өтіп бара жатқанда жаяулап себепсіз кедергі немесе тоқтап қалмауы тиіс. Көшеден өтпес бұрын алдымен сол жаққа, ал көшенің ортасына жеткенде оң жаққа қарау керек.

3. Жарқылдақ маягі және арнаулы дыбыс белгісі қосылған көлік жақындағанда жаяулар жолдан өтпей тоса тұруы керек.

4. Қараңғыда жүргізушілер көлік айдап бара жатқанда, жаяу адамдар үстіне жарық қайтарғыш тағып алу керек.



Енді жол ережесіне байланысты білімдерің-
сынға аламыз. Біз сендерге жолда жүру тәртібіне байланысты бірнеше сұрақтар береміз. **Кім жылдам?** Өздерінің ептілігі мен жылдамдықтарыңды көрсетіңдер.



1. Жол бойындағы сызықтар мен белгілерді қалай атаймыз? Балалар!

Біз үнемі тротуармен жүре бермейміз.

Көшеден өтетін кезде қалай өтеміз?

2. Балалар, жолдағы жол белгілері не үшін керек деп ойлайсыңдар?



3. Тротуар деген не?

4. Жол белгілері қандай топтарға бөлінеді?

Өмірде күтпеген оқиғалардан сақтану үшін жол ережелеріне бағыну керек. **«Сақтансаң сақтармын»** дегендей ережелерді тек білу ғана шарт емес, оны бұлжытпай орындаса ғана аман - есен жүруге болады. **Көше тәртібін сақтау- сенің міндетің!** Егер жол ережесін бұзсаң, тек өзіңе қауіп төндіріп қоймай, басқа адамдарға да зиянды тигізесің. **Сондықтан, жолда сақ бол! Көше тәртібін есіңнен шығарма!**

Қай көше , қай қалаға барсаңыз да,
Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да,
Жол жүру ережесі –занды тәртіп,
Ол ортақ үлкен-кіші, баршамызға.

**Жол тәртібін білейік
Аман есен жүрейік!**



*Я соблюдаю правила
безопасного поведения на дороге*

Назарларыңызға рақмет!



Я грамотный пешеход!

